



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 108 (8494) Сенбі 12 қараша 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

ПАРТИЯ ФИЛИАЛЫНЫҢ ХІХ ЕСЕП БЕРУ-САЙЛАУ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА

ТӨРАҒА ҚАЙТА САЙПАНДЫ

М.МАНЕКЕЕВ,
«Ауыл жаңалығы».

«Нұр Отан» партиясы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту жолындағы барлық игі бастамаларға ұйытқы болып, ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, еліміздің көркейіп, гүлденуіне өзінің қомақты үлесін қосып келеді.

Аптаның бейсенбісі күні аудан орталығында орналасқан әл-Фараби атындағы мәдениет үйінде «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалының кезекті ХІХ есеп беру-сайлау конференциясы болып өтті. Аталмыш жиынға «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалы Саяси кеңесінің мүшесі А.Майлыбаев, аудандық партия филиалы Саяси кеңесінің мүшелері, депутаттық фракция мүшелері, аудандық ардагерлер кеңесі мен этно-мәдени орталық мүшелері, бірқатар мекеме, бөлімдердің басшылары, ауылдық округ әкімдері, кәсіпкерлер, бастауыш партия ұйымдарынан сайланған делегаттар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Еліміздің мемлекеттік Гимнімен ашылған конференция отырысында алдымен «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі М.Шүкеевтің аудандық партия филиалы Саяси кеңесінің 2014 жылдың қараша айынан 2016



жылдың қазанына дейінгі аралықта атқарған жұмыстарының есебі туралы баяндамасы тыңдалды.

Өз сөзін: «2014 жылдың қарашасы мен 2016 жылдың қазаны аралығында «Нұр Отан» партиясының есепті кезеңі болып табылады. Бүгінгі конференцияда біз осы есепті кезеңдегі атқарылған жұмыстарды баяндап, оған баға беретін боламыз. «Нұр Отан» партиясының сайлауалды тұғырнамасын партия Төрағасы, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясын және партия Доктринасын, басшылыққа ала отырып, ауданымызда есепті кезеңде партия мүшелерінің араласуымен біршама

жұмыстар атқарылды»-деп бастаған төраға, партияның қоғамдағы орны мен рөлі, беделі және жергілікті жердегі қоғамдық саяси-ахуалға ықпалы, есепті кезеңде аудандық филиал тарапынан атқарылған ішкі партиялық жұмыстар барысы, қоғамдық қабылдаулар өткізу, партия филиалы Саяси кеңесі мен Бюросында және бастауыш партия ұйымдары

жиналыстарында қаралған мәселелер, олардың маңыздылығы, бастауыш ұйымдарда жұмыс кабинеттерінің ашылуы жөнінде кеңінен сөз қозғады.

Сондай-ақ Мұратхан Жүнісәліұлы партия Доктринасындағы құндылықтарды іске асыру мақсатында партия Орталық аппаратымен ұсынылған тоғыз жоба, атап айтқанда, «Ұлы Дала елі», «Сыбайлас жемқорлығы жоқ ел - өркендеуші ел», «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту», «Кедергісіз келешек», «Айқын тариф», «Бақытты балалық шақ», «Ардагерлерді ардақтайық!», «Сәтті қадам», «Жастар – Отанға!» жобалары аясында атқарылған ауқымды істерге тоқталды.

Сонымен қатар, үстіміздегі жылы ел аумағында кеңінен

аталып жатқан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орайластырылған іс-шаралар, ширек ғасырда аудан экономикасының жан-жақты дамуына бағытталған бірқатар жобалардың іске асырылуы нәтижесінде өңірде шағын және орта кәсіпкерлікті, агроөнеркәсіп кешенін дамытуға қол жеткенін алға тарта отырып, ауыл шаруашылығы, жылыжай құрылысы, «Үдемелі индустриалды-инновациялық даму», «Жұмыспен қамту жол картасы-2020», «Өңірлерді дамыту» бағдарламалары бойынша атқарылған жұмыстар, жолдар салу, газбен, таза ауыз сумен қамтамасыз ету, әлеуметтік, мәдениет, білім, денсаулық сақтау, спорт салалары, мемлекеттік жекеменшік серіктестік аясында орындалған істерді жан-жақты баяндап берді.

(Жалғасы 2-бетте).



 EXPO 2017
Future Energy
Bureau International des Expositions

**ЭСЕР АЛЫП,
ШАБЫТТАН!**
**ПРИХОДИ
ЗА ВПЕЧАТЛЕНИЯМИ!**

2017 | 10 маусым | 10 күн
Кыргызстан | Казакстан | Корея Республикасы
Самарканд | Алматы | Астана | Бишкек
www.expo2017.astana.com

Тәуелсіздік күніміз!

 25

БІРЛІК ПЕН
ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ
25 ЖЫЛЫ

А.ШОТБАСОВА,
«Ауыл жаңалығы».

ЕГЕМЕНДІК
ЕЛІМІЗДІҢ
БАСЫНА БІТКЕН
ЗОР БАҚЫТ. БИЫЛ
25 ЖЫЛДЫҒЫ АТАЛЫП
ӨТІЛЕТІН ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЙЫ
ЖАҚЫНДАҒАН САЙЫН ЖЕР-
ЖЕРЛЕРДЕ ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕ
МӘДЕНИ, СПОРТТЫҚ ШАРАЛАР
ӨТКЕРІЛУДЕ. ҚАСИЕТТІ ЖҰМА
КҮНІ КӨПҮЛТТЫ БУРЫЛ
ЕЛДІМЕКЕНІНДЕ ЕЛЕУЛІ
ДАТАҒА АРНАЛЫП ҮЛКЕН ІС-
ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Мұндағы жұрт алдымен ауылдық амбулаторияның ашылуына қатысты. 40 қабылдаушыға арналған Бурыл ауылдық емханасының құрылысы үстіміздегі жылдың наурыз айында басталған болатын. Енді міне, көп ұзамай ел қуанышына айналып отырған емдеу орнында еңбек ететін 5 дәрігер, 22 орта буын медицина

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

ЕҢСЕЛІ ЕМХАНА АШЫЛДЫ



қызметкерлері мен 1 психолог, 1 әлеуметтік маман мыңнан аса халқы бар округ тұрғындарына сапалы қызмет көрсететін болады.

Жаңа нысанның ашылу салтанатында сөз сөйлеген Жамбыл облысы әкімінің

орынбасары Еркәнат Манжуов егемен еліміздің жетістіктерін атай келе, халық игілігіне берілгелі отырған емдеу нысанына құтты болсын айтты. Ал, Бурыл ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Сады Қуатбеков түрлі ұлттар мекен еткен елдімекеннің сан саладағы жетістіктерін тілге тиек етіп, жақсы істердің басында жүретін Елбасыдан бастап ел ағаларына алғысын жеткізді.

Ауылдықтар асыға күткен ерекше сәт лента кию рәсімі орындалып, ақ жаулықты апалар шашқаннан кейін, облыс әкімінің орынбасары Е.Манжуов, аудан әкімі М.Шүкеев, ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары мен аудандағы мекеме меңгерушілері, қазыналы қариялар жана емхананың ішін аралап көрді.

Заманауи құрылғылармен жабдықталған емдеу мекемесі мұнтаздай таза, үлкен-кішінің ем-дом алуына барынша ыңғайлы жағдай жасалынған. Осы жерде айта кету керек, емхананың құрылысын «Қаратау Құрылыс -2030» ЖШС-і жүргізген. Бюджеттен бөлінген 167 млн. 137 мың теңгеге салынып, біткен емхана жағдайы көптің көңілінен шықты.

Мұнан соң Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай емдеу мекемесінің ауласына 25 тал отырғызылды.

(Жалғасы 2-бетте).



ӨСКЕМЕНДІКТЕР АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНДІ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай және өңіраралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында 2016 жылдың 29 қазанында Өскемен қаласының орталық алаңында Жамбыл облысының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылғаны белгілі.

Жамбыл облысы тауар өндірушілерінің қатысуымен өткізілген ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне біздің аудан да өз үлесін қосты. Аудан аумағындағы ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші шаруалар үш тонна ет өнімдерін (жылқы, сиыр, қой), үш тоннадай сүт өнімдерін, екі тонна шұжық өнімдерін, отыз бір тоннаға жуық көкөністер, екі тонна макарон өнімдерін, төрт жүз литр қымыз бен шұбат, бес жүз келіден астам кондитер өнімдерін және 5000 дана жұмыртқаны Өскемен қаласының тұрғындарына 15-20 пайыз төмен бағамен ұсынды. Жәрмеңкені жоғары деңгейде өткізу мақсатында Жамбыл облыстық филармониясы үш сағаттық концерт ұйымдастырды.

Өз тілшіміз.

ТӨРАҒА ҚАЙТА САЙПАНДЫ



(Соңы.
Басы 1-бетте).

Қазіргі таңда «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалына қарасты 38 бастауыш партия ұйымында 127 топ құрылып, онда 5554 партия мүшесі тіркелген. Есепті мерзімде 514 адам партия қатарына қабылданып, Жарғыға сәйкес құжаттары толық рәсімделсе, есепті кезеңде 10 партия мүшесі қайтыс болуына байланысты партиялық мүшелігі тоқтатылса, 55 партия мүшесі ауданнан тыс жерге кетуіне байланысты сол кеткен жерлеріне тіркеуге жіберілген, 1 партия мүшесі партия Жарғысының талаптарын бұзғаны үшін партия қатарынан шығарылған. Сондай-ақ филиал төрағасы партияның қызметі туралы ақпарат тарату және партияның мақсаттары мен міндеттерін насихаттау, әрбір азаматтың өзінің құқықтары мен мүддесіне қатысты партия құжаттарымен, шешімдерімен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігімен қамтамасыз ету күн тәртібінен түспейтін мәселе болып отырғандығына тоқталып, филиалдың мәслихаттағы депутаттық фракциясы партияның аудандық филиалымен

тығыз байланыста жұмыс жасап жатқанына баса назар аударды. Сондай-ақ баяндамада аудандық партия филиалы жанынан құрылған партиялық бақылау комиссиясы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі» қоғамдық кеңесінің есепті мерзім аралығында атқарған жұмыстары, «Жас Отан» Жастар қанатының қоғамның саяси өміріне белсенді қатысуы жан-жақты айтылды.

Мұратхан Жүнісәліұлы алдағы уақытта ауданымыздың еңселі экономикасын сомдап, ішкі тұрақтылыққа, әлеуметтік іргесінің беріктігіне қол жеткізуде жетекші орынды «Нұр Отан» партиясының иелене беретініне сенімін білдірді. Сонымен бірге, конференция барысында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Р.Сапарбековтің, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі» қоғамдық кеңесінің төрағасы Р.Сәрсеновтің, филиалдың мәслихаттағы депутаттық фракциясы жетекшісінің орынбасары Г.Туралиеваның баяндамалары тыңдалды.

Мандаттық комиссия хабарламасы тыңдалып, бірауыздан бекітілген соң орыс этно-мәдени орталығының жетекшісі Л.Горр, «Жас Отан» Жастар қанатының төрағасы А.Құрманалиев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Бесбаевтар жарыссөзге шығып, аудандық партия филиалы Саяси кеңесінің есепті кезең

аралығында атқарған жұмыстарына оң баға берді.

Содан кейін «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалы Саяси кеңесінің мүшесі А.Майлыбаев сөз алды. Асаубай Майлыбаев аудандық филиалдың есептік кезеңде атқарған жұмыстарына өз бағасын бере отырып, облыс аумағында атқарылып жатқан оңды істерге тоқталып, партия мүшелерінің алдағы уақытта санын арттыру мен жасотандықтар туралы ой-пікірімен бөлісті.

Бағдарлама бойынша жарыссөзден соң, ұйымдастырушылық мәселелер қаралды. Отан қатысушы делегаттар бірауыздан «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағалығына Мұратхан Жүнісәліұлы Шүкеевті, 19 адамды аудандық партия филиалы Саяси кеңесі мүшелігіне, 32 партия мүшесін «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының кезекті XVIII конференциясына делегат етіп сайлады.

Есеп беру-сайлау конференциясының жұмысы партия әнұранымен аяқталды. Бұдан соң аудандық партия филиалы Саяси кеңесінің отырысы басталды. Оның күн тәртібінде Саяси кеңестің бюро мүшелерін сайлау мәселесі қаралды. Кеңес мүшелері бірауыздан тізім бойынша 9 адамнан құралған бюро мүшелерін бекітіп, дауыс берді. Конференция соңында партия делегаттары естелік суретке түсті.

ОН НАВСЕГДА В НАШЕЙ ПАМЯТИ

12 ноября 2011 года навсегда вошел в историю. В этот день совершил свой бессмертный подвиг наш земляк, командир взвода батальона дорожной полиции ДВД Жамбылской области, капитан полиции Газиз Абдибекович Байтасов.



Остановив преступника ценной собственной жизни, он предотвратил массовую гибель людей. Ему посмертно присвоено звание «Халық Қаһарманы».

Из хроники тех дней пятилетней давности:

Эта трагическая для всей страны история началась в городе Тараз утром 12 ноября 2011 года. Этот осенний хмурый день начинался как обычно. Люди спешили по своим делам, а правоохранители вели свою работу. Всё началось во время спецоперации Комитета национальной безопасности. Двое сотрудников КНБ вели наружное наблюдение за неким Кариевым – его подозревали в связях с религиозными экстремистами. Заметив слежку, подозреваемый напал на следивших за ним оперативников и убил их. Затем преступник присмотрел подходящий автомобиль и напал на его владельца. Дальнейшие события развивались стремительно и драматично. Следующим объектом нападения стал оружейный магазин, где террорист, убив охранника и смертельно ранив посетителя, завладел стрелковым оружием. Далее жертвами преступника стали сотрудники специализированного отдела охраны, у которых нападавший забрал табельное оружие автомат и пистолет.

После всего этого он заехал домой, взял там гранатомёт и обстрелял здание КНБ. Скрываясь с места происшествия, преступник ранил ещё двух сотрудников полиции. Около трёх часов дня он был ранен, преследуемый сотрудниками отдельного батальона дорожной полиции. Первым к подозреваемому подбежал командир взвода капитан полиции Газиз Байтасов, при попытке его обезвредить террорист совершил самоподрыв, в результате чего капитан полиции погиб на месте. Жертв могло быть катастрофически больше, если бы террорист успел забежать в находящийся неподалёку супермаркет, где в такое время суток находилось большое количество людей, зачастую с детьми. Капитан полиции Газиз Байтасов ценой своей жизни спас город, закрыв телом смертника, обещанного взрывчаткой.

За этот подвиг 14 декабря 2011 года Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев вручил вдове дорожного полицейского знак «Алтын жұлдыз» к званию «Халық Қаһарманы».

В день трагедии в нашем районе всегда проходят мероприятия, посвящённые героическому подвигу нашего земляка Г.Байтасова.

Вчера в районном центре прошёл торжественный митинг, посвящённый пятой годовщине трагических событий 12 ноября 2011 года. На Аллее Славы состоялось возложение цветов к мемориальной доске Г.Байтасова. В церемонии возложения приняли участие ветераны отдела внутренних дел, руководители учреждений и организаций района, сотрудники правоохранительных органов, жители сёл района.

«Имя Г.Байтасова, проявившего истинный патриотизм в деле сохранения безопасности Отчизны, золотыми буквами вписано в историю, - сказал на траурном митинге аким района М.Шукеев. - Он ушёл в самом расцвете сил, но его героический подвиг навсегда в наших сердцах. Г.Байтасов - пример мужества и чести для каждого сотрудника полиции, для простых граждан, которые будут помнить его подвиг всегда. То, что мы увековечиваем имена наших героев в мемориалах, прежде всего, нужно нашим потомкам, которые должны знать, что истинные Герои, защитники Отечества есть и сегодня».

На митинге с ответной речью выступила вдова Народного героя Гүлжамал Тажиева. Друзья, сослуживцы вспоминали высокие моральные принципы, человечность, ответственность Газиза Байтасова. Память Народного героя увековечена в родном селе Газиза Байтасова Түймекенте, где его именем названа школа, в которой он учился.

Народный герой Газиз Абдибекович Байтасов навсегда останется в памяти народной сорокалетним, полным сил и надежд, веры в торжество справедливости, верным Родине, любящим людей и жизнь.

Когда в стране есть такие люди, такие семьи, где они воспитываются, можно с гордостью сказать: мы - казахстанцы!

НАШ корр.

ЕҢСЕЛІ ЕМХАНА АШЫЛДЫ

(Соңы.
Басы 1-бетте).

Бұл күні сонымен қатар, Бурыл мектебінің алдында «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік» атты аудандық акция өткерілді. Мұнда жиналған қауым

М.Раджамов, Л.Горр, В.Найденова жетекшілік ететін аудандық түрік, орыс, неміс этномәдени орталықтарының ұлттық тағамдары, аудан мәдениетінен сыр шертетін колонер бұйымдары, кітап көрмесі, ашық аспан астындағы музей экспонаттары, соңғы кездегі спорт саласының жағымды жаңалығы – құсбегілікке үйрететін

цехының, Бурылдан шығатын шұжық өнімдерінің, жалпы, жергілікті кәсіпкерлердің азық-түлік жәрмеңкесін аралап көріп, өлке өнерпаздарының концерттік бағдарламасын, арнайы дайындалған театрландырылған көріністі тамашалады. Дәл осы күні



Тәуелсіздіктің 25 жылында жеткен жетістіктерді паш ету мақсатында жолға шыққан облыстық жылжымалы көрменің ашылу рәсімі де өтті.

Біздің ауданнан бастау алған көрменің ашылу салтанатында сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Е.Манжуов ел тәуелсіздігіне жету жолындағы қиын-қыстау кездерді әңгімелеп, бүгінгі бейбіт өмірді

мерекеге байланысты ауыл аскаалы Сады Қуатбековтің иығына шапан жауып, тәуелсіздік құрдасы Лаура Қуанышбековаға сый-сияпат табыстады.

Орыс этномәдени орталығының жетекшісі Л.Горр бірлікті ту еткен Қазақстан, оның қарқынды қадамдарына, тәуелсіз қазақ елімен бірге өсіп келе жатқан жас буын Л.Қуанышбекова еліміздегі жастарға жасалып жатқан қамқорлықтарға тоқталды.

Акция барысында Бурыл ауылдық округінің әкімі Е.Әліқұлов және жеке кәсіпкер М.Есенбаевтың демеушілігімен әлеуметтік жағынан әлжуаз топтарға қайырымдылық көмектер көрсетіліп, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстарық орталығы» КММ-нің ұйытқы болуымен «Тәуелсіздікке 25 жыл!» флешмобы көрменің назарына ұсынылды. «Есіктен есікке» іс-шарасы аясында ауылдықтарға мерекелік құттықтау стикерлері таратылды.



үйірме жұмысы және өлкеміздің өндірісінде айрықша орны бар - «Rola-7» ЖШС-нің үн өнімдері, «Есенбаев М» шағын май өңдеу

мактанышымен сөз етті.

Аудан әкімі М.Шукеев болса ауданымыздың айшықты істерін ауызға алып, мерейлі

КӨКЕЙКЕСТІ

Энергия үнемдеуші шамдардың қоршаған ортаға, денсаулыққа әкелер зиянын көпшілік біле бермейді, білседе істен шыққан шамдарды арнаулы орындарға өткізбейді. Люминесцентті энергия үнемдейтін шамдардың өдеттегі қолданылып жүрген шамдарға қарағанда үлкен айырмашылықтары бар.

Біріншіден, ток көзін 5 есе үнемді жұмсайды, екіншіден жұмыс істеу уақыты 20 есе ұзақ. Бірақ, бұл энергия үнемдеуші шамдардың бір үлкен кемшілігі, шыны іші сынап буымен толтырылған. Әрине, ол шамдарды қолданғанда ағзаға әкелер ешқандай зияны жоқ, бірақ ол сынаптың болса немесе істен шығып қоқыс жәшігіне лақтырылса, онда шынысы сынып, сынап буы ауаға тарайды.

Қазақстан Республикасының «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңының талаптарын орындау мақсатында, пайдалануда болған энергия үнемдейтін, құрамында сынап бар шамдарды жинауды, уақытша сақтауды, тасымалдауды және көдеге жаратуды қамтамасыз ету бағытында 2012-2014 жылдар аралығында облыс аумағында жобалық қуаты жылына бір миллион көлемінде шамдарды көдеге жаратуға арналған "Энерджи Тараз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арнайы қондырғылар орнатып, әр шамаға 70 теңгеден баға бекітіп, оларды жинау жұмыстарын толыққанды жүзеге асырған болатын. Өткен 2015 жылы аталмыш серіктестік қаржы тапшылығына

Р.ҚОЙЛЫБАЕВ,
аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы.

Қазіргі таңда әлемнің қарқынды дамуы, жер бетіндегі адам санының көбеюі, адамзаттың тұтынушылық қабылетінің өсуі әсерінен, біздің өмірімізге ең қажетті азық-түлік, ауыз судың тапшылығы көп елдерде сезіледі. Ал XXI - ғасырды электр құрылғыларымен (компьютер, теледидар, телефон, ас үй құрылғылары т.б.) елестете алмаймыз. Біздің өмір сүруіміз үшін электр энергиясының алар орны ерекше. Күн сайын оған деген сұраныстың артуынан, тұтынушыларды электр энергиясымен толық қамтамасыз ету өлем елдерінің басты мәселесіне айналды. Біздің елімізде осы мәселені шешу жолында

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАУ-БАСТЫ МІНДЕТ

көптеген істер атқаруда. Атап айтар болсақ, Астана қаласында «Болашақтың энергиясы» тақырыбымен өткізілетін "ЭКСПО - 2017" көрмесі. Бұл көрмеде энергия өндірудің тиімді, арзан, табиғатқа зияны аз болатын тәсілдері мен технологиялары көрсетіледі деп жоспарлануда.

Қуат көздерін үнемді пайдалану еліміз ұстанған басым бағыттардың бірі. Өткен жылдың қаңтар айында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңына қол қойды. Былтыр елімізде қуаттылығы 100 ватты, биыл 75 ватты, ал, келер жылға қарай 25 ватты құрайтын қыздыру шамдарын әкелуге және сатуға тыйым салынады. Олардың орнына жарықтандырудың жарықдиодты шамдар секілді тиімді әрі үнемді көздері келуі тиіс. Сондықтан да энергия үнемдеудің бір тетігі - үнемдегіш шамдар болып отыр. Қазір мұндай шамдар базарлар мен дүкен серелерінде сәмсап тұр. Қуат көзін үнемдейтін шамдарды халықтың көп бөлігі пайдалануға та жұр. Алайда, мамандар бұл шамдардың пайдасымен қатар, зияны барын да анықтауда.

Сынап буы қауіпті улы заттардың жіктелуінде «А» тобына жатады, яғни өте улы зат. Сынап буы иісіз зат, концентрациясы небәрі 0,25 мг/м3 сынап буы бар ауамен тыныс алған кезде, сынап буы өкпеде қалып қойып, сонда жиналады. Ал, егер де сынап буының концентрациясы одан да көп болса, терідегі тікелей сіңіп, жалпы қан айналымына енеді. Сонымен қатар, бауыр, бүйрек, ішек құрылыстары мен жүйке жүйелерін зақымдайды.

Қазақстан Республикасының «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңының талаптарын орындау мақсатында, пайдалануда болған энергия үнемдейтін, құрамында сынап бар шамдарды жинауды, уақытша сақтауды, тасымалдауды және көдеге жаратуды қамтамасыз ету бағытында 2012-2014 жылдар аралығында облыс аумағында жобалық қуаты жылына бір миллион көлемінде шамдарды көдеге жаратуға арналған "Энерджи Тараз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арнайы қондырғылар орнатып, әр шамаға 70 теңгеден баға бекітіп, оларды жинау жұмыстарын толыққанды жүзеге асырған болатын. Өткен 2015 жылы аталмыш серіктестік қаржы тапшылығына

жою жұмыстарымен айналысып келе жатқан "Алди және К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асырмақ ниетте. Аталмыш серіктестік көрші Ресей елінің "Макарченко Г.В." жеке кәсіпкерлігімен келісім-шартқа тұрып, "Экотром 2У" құрылғысын сатып алуда. Бүгінгі таңда құрылғыны орналастыратын ғимарат тұрғызылып, Жамбыл облысы бойынша Экология департаментінен рұқсат алуға қажетті жоба дайындалуда. Құрамында сынап бар шамдарды қабылдап, жоюға арналған құрылғы жуырда жеткізіледі деп күтілуде. Құрылғы жеткізілген соң келер жылдың алғашқы тоқсанында іске қосылмақ.

Алдағы уақытта энергия үнемдеуші шамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында аудан тұрғындарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ауылдық округтер, мекеме, бөлімдерге құрамында сынап бар шамдарды орталық жүйеге жинақтау, арнайы контейнерлер орнатуды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ энергия үнемдегіш шамдарды дұрыс пайдалану тұрғысында аудан тұрғындарына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізетін боламыз.

ДИНИ САУАТТЫЛЫҚ- УАҚЫТ ТАПАБЫ

Е.ЕСМАХАНОВ,
облыс әкімдігі дін істері басқармасы бөлім
басшысының міндетін уақытша атқарушы.

Қазақ халқы «дін – ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң – қасіретің» дейді. Қазіргі таңда діннің қасиетінен гөрі қасіретіне көбірек куә болудамыз. Оның басты себебі, халық арасындағы діни сауатсыздық болып табылады. Қай сала болмасын, ондағы мәселелердің шешімі тек сауаттылықта ғана жатыр.

Сондықтан да бүгінгі күндегі дін саласына қатысты туындап отырған мәселелердің шешімі тұрғындар арасында діни сауаттылықты көтеру жұмыстарын қарқынды жүргізуді талап етеді. Бұл жұмыстарда ең басты назар жастар санатына аударылуы тиіс.

Кенес Үкіметі құлап, тәуелсіздік алған тұстардан бастап, қоғамдағы мемлекет пен діннің өзара қатынастары жаңа арнаға ауысып, атеизм идеологиясы мемлекеттік ұстанымның бір бөлігі болудан қалып, оның орнына қоғамда дүниетанымдық көзқарастардың алуан түрлілігі пайда болып, тұрғындардың мәдени-рухани құндылықтарға, оның ішінде, дінге деген қызығушылықтары артты. Әсіресе, жастар дін тақырыптарын қызу талқылап, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруда белсенділік танытуда.

Алайда, ата-анасынан дін туралы жастайынан дұрыс мағлұмат ала алмаған жастар үшін, «соқыр тауыққа барлығы жем» дегендей, кім жылы сөйлеп, жағына айтса, сол адамның діни көзқарасы өзгермес өмірлік қағида болып қалады. Аталған адамның діни көзқарасы тура болса, «қасиетке» бөленгенің, ал бұра тартса, «қасіретке» қалғаның.

Осындай келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында, Елбасының «2050 Стратегиясына» сәйкес, Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Аталған бағдарлама бойынша алдағы жылдары орта білім беру ұйымдарының 9-сыныптары үшін «Дінтану негіздері» оқыту курсы міндетті пән ретінде енгізу жоспарлануда. Ол уақытқа дейін «Дінтану негіздері» пәнінен сабақ беретін дінтанушы мамандарды даярлау көзделуде.

Бүгінгі күні, елімізде бірқатар жоғары оқу орындарында «Дінтанушы» мамандары оқытылуда. Атап айтқанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы қаласы), Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті (Астана қаласы), Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, (Түркістан қаласы), Е.Бөкетов атындағы

Қарағанды мемлекеттік университеті (Қарағанды қаласы), «Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университеті (Алматы қаласы), Шет тілдер және іскерлік карьера университеті (Алматы қаласы).

Жоғарыда аталған оқу орындарында білікті дінтанушы мамандарын даярлау үшін мемлекет тарапынан білім гранттары қарастырылған. Мысалы, 2016-2017 оқу жылында 90 орынға білім гранттары бөлінді. Білім гранттары жыл сайын көбейтілуде.

Елімізде «Дінтану» мамандығынан бөлек, «Исламтану» мамандарын оқыту қолға алынуда. Алматы қаласындағы «Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университеті аталған маман иелерін даярлайтын бірегей оқу орны болып табылады. «Исламтану» мамандығына да білім гранттары қарастырылып, алғаш 2013-2014 оқу жылында 100 орынға грант бөлінсе, үстіміздегі оқу жылында 145 орынға грант бөлінді.

Исламтанушы мамандар жергілікті жерлердегі мешіттер мен медреселерде қызмет атқаратын болады.

Соңғы жылдары мешіттерге келуші жамағаттардың басым бөлігін жастар құрады. Жастардың мешіттерге көптеп келуін рухани тасқынға теңесек, тасқынның алдына бөгет қойғаннан гөрі, тура арна салып, сол арнамен алып жүргеніміз абзалырақ болары хақ. Ол үшін мешіттердегі имамдар қауымы білікті де, білімді мамандардан құралуы тиіс. Міне, осы мақсатта «Исламтану» мамандығының маңыздылығы зор.

Өткен ғасырларда өмір сүрген ата-бабаларымыз ұрпағын жастайынан дін және дүние білімдеріне қатар сусындатып тәрбиелеген. Қазақтар өз балаларын дәстүрлі мектептерден кейін, яғни, ауыл молдасынан сауат ашқаннан соң Ұфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусания», Троицкідегі «Расулия», «Узифа» сияқты ірі медреселерге оқуын жалғастыруға жіберетін. Мысалы, «Ғалия» медресесінде дін ілімдерімен қатар, шығыс тілдері, логика, философия, тарих, математика, география, орыс тілі, адам физиологиясы оқытылатын. Бұл медресенің қабырғасында XIX ғасырдың соңымен XX ғасырдың басында 300-ден астам қазақ баласы білім алды. Олардың арасында қазақтың белгілі зиялылары Б.Майлин, М.Жұмабаев, Т.Жомартбаев, М.Оразасев, Н.Манасев, Ж.Тілепбергенов және басқалар бар.

Ал енді қазіргі ұрпақ тарихтан тәлім алып, діни сауаттылықты көтеруге көңіл бөліп, Елбасы айтқандай, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадрлей отырып, 2050 жылы тек экономикалық тұрғыда ғана емес, рухани жағынан да дамыған елге айналуы тиіс.

КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕГЕ АРНАЛДЫ

Жақында аудан орталығындағы Ғ. Мұратбаев атындағы мектеп-гимназияда «Рухани өзегімізді сақтап қалар ма екенбіз» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мектеп директорының құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И. Мектепбаеваның ұйытқы болуымен өткен шараға қатысқан 10-сынып оқушылары үш топқа бөлініп, «Экстремизм дегеніміз не?», «Ислам діні туралы түсінік», «Басқа діни ағымдарға деген көзқарасын» тақырыптары бойынша өзара пікір алмасты.

Дөңгелек үстелді ашқан И. Мектепбаева мектеп қабырғасында жүрген оқушыларды діни, саяси сауатты, толыққанды жетілген тұлға етіп тәрбиелеп шығарған жағдайда ғана діни фанатизмнің қаупінен арашалауға болатындығын, діни экстремизм, діни сауатсыздық, діншілдік, ислам атын жамылған қарағар ағымдарға кеңінен тоқтала келе, ата дініміздің құндылықтарын сөз етті. Одан кейін аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Дін проблемаларын талдау секторының меңгерушісі С. Айтенова сөз алды. Ол дін, ислам дінінің бес парызы, оның адамзат үшін маңыздылығы, иман негіздері туралы мағлұмат берді. Дінтану пәнінің мұғалімі Н. Құрманбаева болса діни ағымдардың қауіп-қатері жайын қозғалды.

Жоғары сынып оқушылары «Діни экстремизм дегеніміз не?» тақырыбында бейнерөлдікті көріп, еліміздің түкпір-түкпірінде орын алған лаңкестік жағдайларға баға берді. А. Қазимова ата дініміз туралы орыс тілінде ақпарат беріп, оқушыларға үлестірме қағаздар таратып, діни білімдеріне сараптама жасады.

«Дін және қоғам» атты тақырыпта Жаңатұрмыс ауылдық округіне қарасты Амангелді орта мектебінің бастауыш сынып оқушылары «Қалмұрат баба» мешітінің имамы Б. Сағымбаевпен кездесті.

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өткен

кездесу барысында еліміздің ширек ғасырда жеткен жетістіктер мен аудан аумағында атқарылған игілікті шаруаларға тоқталған Бақытбек Сағымбаев асыл дініміздің адамзатқа берер пайдасы турасында әңгіме қозғалды. Өсіп келе жатқан жас жеткіншектердің басты міндеті -білім алу, тәртіпті болып, тәуелсіз елімізге адал қызмет ету екендігін айтып, білім алу туралы пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадистерінен мысалдар келтірді.

Тәуелсіздіктің арқасында тілімізбен, дінімізбен және ділімізбен қауыштық. Десекте елдегі тұрақтылықты, қоғамдағы келісім мен бейбітшілікті сақтап, баянды

ету үшін мемлекет тарапынан жүзеге асып жатқан қыруар шараларға қарамастан соңғы уақытта жастардың өзге ағымдардың жетегінде кетіп, экстремистік әрекеттерге бой алдырып жатқаны шындық.

Міне осы мәселеге байланысты аудандық ардагерлер үйінде «Діннің заңдылығы, дәстүр және қоғам» атты тақырыпта өткен шараны аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Дін проблемаларын талдау секторының меңгерушісі С. Айтенова ашып, «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде дәстүрлі рухани құндылықтар мен ішкі тұрақтылық мәселелерін әңгімеледі. Ел ертені саналатын жастар бойында дәстүрлі діндерге деген құрметті қалыптастыру, діни экстремизм мен терроризм әрекеттеріне қарсы тұрудың маңызын сөз ете отырып, аға ұрпақ өкілдеріне жүктеліп отырған міндет туралы ойын ортаға салды.

Шараға қатысқан ардагерлер діннің қоғамда алатын орны, теріс діни ағымның жетегіне кеткендермен жұмыс жүргізу, лаңкестік оқиғалардың зардаптары, экстремизм мен терроризмнің ел бірлігі мен қауіпсіздігіне келтіретін залалы жөнінде ойларымен бөлісіп, жастармен тығыз жұмыс жасау қажеттігін баса айтты.

ӨЗ тіліміз.

Бүгінгі оқушылардың діни сауаттылығы -ертеңгі қоғамның қауіпсіздігінің кепілі саналады. Діни сауаттылық деңгейін көтеру арқылы жастарымыздың діни идеологиялар мен деструктивті ағымдардың шырғауына түсіп қалудан сақтай аламыз. Демек жастардың діни санасы мен діни білімін қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі ретінде қалып отыр.

ТӘУЕЛСІЗДІК- ЕЛ ТІЛЕГІ

А.АБИТАЕВА,
Дикан тірек мектебі (ресурстық орталық).

Тәуелсіздік – басты құндылық. Осы тәуелсіздік бақытына халқымыз талай тар жол, тайғақ кешу ірі бастан кешіріп барып, жаңа үшінші мыңжылдық қарсаңында қол жеткізді.

Менің рухани байлығым – халқым, қазақ халқы. Тарих төрінде көне түркі ұрпағы болып, саңлақ «сақтар» деген асқақ атпен де танылып, бүгінде тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің туын көтеріп отырған қазақ халқының жүріп өткен жолы-шежірелі.

Қазақ-тамырын тереңге жіберген, осынау қасиетті даласынан табан аудармаған көне дәуірдегі сақтардың, ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, ата жұртта қара шаңырақты сақтап қалған халық. Жаратқан Иеміз жар болып, ата-бабалар арманы жүзеге асып, тәуелсіздікке қол жеткізді.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыздың еркіндігі мен азаттығы үшін бастарын бәйгеге тіккен бабаларым ортамызға оралды. Мәселен, 1993 жылы Ордабасында Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің құрметіне арналған «Дана билердің кешені» орнатылды. 1995 жылғы Абай, 1996 жылы Жамбылдың 150 жылдық, 1997 жылы даңқты жазушы М.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойлары кеңінен аталып өтілді.

Сонымен қатар Сыр бойында Қорқыт бабаға арналған «Қобыз ескерткіші», Астрахань жерінде Құрманғазы кесенесі, Жезқазған өңірінде заңгер Жақып Ақбаев пен Алашорда ардагері Әлихан Ермеков мазарлары, Торғай қаласында Ахмет, Міржақып ескерткіштері-тәуелсіздіктің тартуы деп білеміз.

Азаматтық келбетіміз қалыптасқан, жүз жылдықтар мен мыңжылдықтар түйіскен тұста, біздер, яғни тәуелсіз қазақ жастарына қыруар міндеттер жүктеліп отыр. Сондықтан ел мүддесін, мемлекет абыройын, халық қамын ойлап, қоғам игілігі үшін білек сыбана кірісетін, бел шешіп жұмыс істейтін азамат болып қалыптасу үшін терең білім алудың маңызы зор.Тәуелсіз еліміздің болашағы – менің болашағым екенін түсіне отырып, болашақта атқарылар жұмыстарға үлес қосып, зерделі жастардың қатарынан көрінгім келеді. Менің бүгінгім, ертеңім, келешегім туған елім Қазақстанмен тығыз байланысты. Олай болса, тәуелсіз еліміздің жастары-Ұлы Дала елінің нағыз перзенттері екендігімізді естен шығармайық дегім келеді.

ЕСКЕ АЛУ

ӨМІРГЕ ТЫМ ҚҰШТАР ЕДІ

Күні кеше ғана жанымызда жүрген үлкен жүректі досымыз **СЕЙІТ ПЕРНЕБЕКҰЛЫ ҚАЛМАХАН** 2015 жылдың 12 қарашасында өмірден өткен еді. Тірі болғанда быыл 63 жасқа толып, зейнетке шығып, немерелерінің қызығына тоймай, арамсызда қарқылдап жүретін еді-ау.

1953 жылы 1 наурызда Жамбыл қаласында дүниеге келген Сейіт Пернебекұлы еңбек жолын 1975 жылы Байзақ ауданына қарасты Қызыл жұлдыз ауылында Қостөбе метал дәрігерлік учаскесінде веттехник, учаскелік меңгеруші болып бастады. Бұдан соң “Ленин жолы” совхозында мал дәрігері, бас мал дәрігері, Абай атындағы колхоздың партия комитетінің хатшысы, Сазтерек ауылдық Кеңестің төрағасы, аталмыш ауылдық округтің әкімі, Байзақ ауданы әкімі ішкі саясат бөлімінің басшысы, аудан әкімі аппаратының бас инспекторы, аудан әкімі кәсіпкерлік бөлімінің басшысы секілді жауапты қызметтер атқарып, шыңдалды. Қуанышы мен қиындығы қат-қабат келген тірлікте еліне адал қызмет етті. Талапшылдық, өз ісіне адалдық, еңбекқорлық, адамгершіліктің биік қасиеттерін бойына жиган Сейіт кісілік келбеті келіскен, сыртқы және ішкі сұлулығы шебер ұштасқан, жаратылысы өзгеше болатын. Мына өмірде білгің аласартпай, тектілігін сақтап, өмірінің соңғы минутында “өлімді” тік қабылдаған атпал азаматты Байзақ өңірінің жұртшылығы сағынышпен еске алады.

Болмысындағы табиғат берген сыпайылық, үлкен-кішіге бірдей ізеттілік, дүниеге байыпты көзқарас, ұстамды мінез Сейітті ортасына тез танытты. Кісілігі мен кішілігі тең жүретін ол кез-келген мәселеге әділ шешім айта білетін, тура

мінезді, іскер де қабілетті ұйымдастырушы, әрі әзіл-қалжыңға шебер етін. Атка минген кезінен-ақ көпке қамқор, жақсы ісімен елдің мақтауына, халықтың құрметіне ие болып, “тектілік тегінде бар” деген қағидады өзінің өнегелі өмірімен дәлелдеді.

Сейіт Пернебекұлы асыл жар, ұл-қыздарының ардақты да сүйікті әкесі, немерелерінің мейірімді атасы болды. Досқа адал, ортасына сыйлы, замандастары мен әріптестеріне беделді, бауырларына қамқор, көмек сұрап келгендерге пейілі жомарт-тұғын.

Өмірде бәрі өтеді-кетеді. Қалатыны-өмірлік өнеге, өшпес із, ұлағатты үлгі. Байзақ ауданының өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосқан, адал еңбегімен елінің жүрегіне есімін жазып кеткен асыл дос, жатқан жерін жайлы, топырағын торқа, орныңыз пейіштің төрінде болсын!

Өмірде ұстанымы ғажап-ақ тым, Адамы еді нағыз таза жақтын. Дүниеден озғанына жыл болыпты. Сейіттей сергек ойлы азаматтың.

Мінезі туысқа да, досқа мәлім, Жатпайтын тағып тегі басқаға мін. Ұғысып үлкенмен де, кішімен де. Ұстайтын жылылықта қас-қабағын.

Қайран Сейіт, орны бар көп қасында, Көңіл оны жоқтаса, жоқтасын да. Сыртта қандай сыпайы, сыйлы болса, Мейірімді еді ғой отбасында.

Бірі еді еңбекқор табандының, Танытқан адалдығын, адамдығын. Жан Алла жарылқасын алдынан сол, Берсін тек ұрпағының амандығын.
Еске алушы: жолдастары.
Т-368-11-100.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Т-369-11-100. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Бурыл ауылы, Жаңбыршы көшесі №92 үйдің тұрғыны болған **Ризаева Лейлахан Абдуллаевнаның** 2013 жылдың 4 тамызы күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Медеулов көшесі №33 “а” үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері З.Назарбековаға жолығулары керек.

Т-370-11-100. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Көкбастау ауылы, Ә.Жұматаев көшесі №5 үйдің тұрғыны болған **Раймұлов Торғай** 2012 жылдың 25 маусымы күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Медеулов көшесі №33 “а” үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері З.Назарбековаға жолығулары керек.

Т-371-11-100. Открылось наследство после смерти **Сумелиди Дмитрия Павловича**, умершего 31 октября 2016 года, на день смерти проживавшего по адресу: Жамбылская область, Байзакский район, село Сарыкемер, ул. Абдикаримова, д.22. Наследникам в течение месяца, после публикации объявления, обращаться в нотариальную контору по адресу: Жамбылская область, Байзакский район, с. Сарыкемер, ул. Абибекова, 3, к нотариусу Л.Мамековой.

Т-372-11-100. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Түймекент ауылы, Жәністің 50 жылдығы көшесі №43 үй тұрғыны болған **Әлмуродов Қанаот Холбоевичтің** 2011 жылдың 2 ақпаны күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Смаилов көшесі №1 “а” үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері Г.Мудуароваға жолығулары керек.

САҒЫНЫП, ЕСКЕ АЛАМЫЗ...

Дихан-2 ауылында 1976 жылдың 12-ші қарашасында дүниеге келген **Ыбырайымтегі Шәкіржан Шалбайұлы** тірі болғанда үстіміздегі жылы 40 жасқа толар еді. Амаз қанша, Алланың қалауымен келместің кемесіне мініп кете барған азаматымызды ендігі жерде еске алып, артына құран бағыштаудан артық ештеңе жоқ.

Шәкіржан Шалбайұлы ата тәрбиесін бойына сіңіріп өскен, ибалы ұл-тұғын.

Ол айналасына мейірімін төгіп, үлкенге құрмет, кішіге ізет танытып жүретін. Айрықша адами қасиеттері оның өз ісін аса жауапкершілікпен атқаруына да ықпал етті. Мектепті тәмәмдағаннан кейін шопан болып еңбек еткен Шәкіржан Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып келгеннен кейін де егіншілікпен айналысып, елдің алғысын алып жүрді.

2007 жылы Шәкіржан Шалбайұлы отау құрып, бүгінде білім саласында еңбек етіп жүрген білікті ұстаз, жолдасы Меруертпен бірге екі баланы өсіріп жатты.

Ерте бастан еңбекке араласып, өмірдің теперішін ерте сезінген Шәкіржан Ыбырайымтегі енді бақытқа қолым жетті дегенде, ойламаған жерден 2008 жылдың желтоқсан айында жол апатынан қаза тапты.

Жасындай жарқылдаған азамат тепсе темір үзер шағында о дүниелік болып, барлық арман-мұраты, балаларымды жеткізсем, солардың қызығын көрсем деген ойлары орындалмай қала берді. Қайтеміз, ендігісі оның артында қалған жанұясы аман болып, ұрпақтары өнегелі болып өсіп-өне берсін.

Биік қойып обал менен сауапты, Үлгіге сай өмір сүрдің сауатты. Жан әке боп, балаларын өсіріп, Өтеп едің парызыңды жауапты.

Шалқар көлдей көңілінің кеңдігі, Шәкіржан еді, туған ауылға белгілі. Жан Алланың жасалығы бұйырып, Жатқан жері жайлы болсын ендігі...

Еске алушы: ата-анасы, зайыбы, балалары, бауырлары.
Т-373-11-100.

